



Оқу кыпары



**ЖАНА КЕЗЕНДЕГІ
ЕУРОПА ЖӘНЕ АМЕРИКА
ЕЛДЕРІНІҢ
ТАРИХЫ МЕН ДИПЛОМАТИАСЫ
(1815-1918)**

Л. Т. ИСОБА





Л. Т. Исова

ЖАҢА КЕЗЕҢДЕГІ
ЕУРОПА ЖӘНЕ АМЕРИКА
ЕЛДЕРІНІҢ ТАРИХЫ МЕН
ДИПЛОМАТИЯСЫ
(1815-1918)

Оқу құралы

ӘОЖ (100-87)

КБЖ 63.3я73

И 88

*Баспаға өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
халықаралық қатынастар факультетінің Ғылыми кеңесі
және Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған
(№2 хаттама 29 желтоқсан 2016 жыл)*

Пікір жазғандар:

тарих ғылымдарының докторы, профессор **К.Н. Мақашева**
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент **А.Қ. Нұрша**

Исова Л.Т.

И 88 **Жаңа кезеңдегі Еуропа және Америка елдерінің
тарихы мен дипломатиясы (1815-1918): оқу құралы.**
– Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 176 б.

ISBN 978-601-04-2250-6

Жаңа кезеңдегі Еуропа және Америка елдерінің тарихы мен дипломатиясын оқытып меңгертуге негізделген бұл оқу құралы қазіргі жоғары білім беру үдерісіне сай жабдықталып, сол елдердің бүгінгі дамуының маңызды бетбұрысын айқындаған тарихи кезең мәселелерін және халықаралық қатынастарға арқау болған геосаяси-дипломатиялық мүдделерді жаңа ғылыми зерттеулер аясында дәрістеуге бағытталған.

Оқу құралы жоғары оқу орындарындағы халықаралық қатынастар аймақтану мамандықтары бойынша білім алатын студенттер мен магистранттарға, оқытушыларға арналған.

ӘОЖ (100-87)

КБЖ 63.3я73

ISBN 978-601-04-2250-6

© Исова Н.Е., 2017

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017

АЛҒЫ СӨЗ

Типтік бағдарламалардың негізінде жоғары оқу орындарында оқытылатын және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Оқу-әдістемелік бірлестігі Кеңесінің шешімімен университет жанындағы баспадан жарық көрген, сонымен бірге Еуропа және Америка елдерінің жаңа және қазіргі заман тарихы пәнінің негізгі тарихи кезеңін қамтитын «Жаңа кезеңдегі Еуропа және Америка елдерінің тарихы және дипломатиясы (1815-1918)» оқу құралының сұраныс деңгейі маңызды. Оқу құралы кредиттік оқу технологиясының талап деңгейіне сай жасалып, шетел тарихын оқытудағы білім беру үрдістерін қамтиды.

Жаңа кезеңдегі Еуропа және Америка елдерінің тарихы және дипломатиясы жоғары оқу орындарындағы халықаралық қатынастар және аймақтану, тарих, шығыстану және саясаттану мамандықтары бойынша білім берудегі негізгі пән болып есептеледі. Жаңа заман кезені әлемдік тарихтың біршама күрделі кезеңі болып табылады.

Оқу құралы ауқымына XIX ғасырдағы халықаралық қатынастардың жаңа Вена жүйесі және дипломатияның жаңа тәртібі, Еуропалық жетекші елдердің «еуропалық концерт» тұжырымына бет алуы, еуропалық елдер дамуындағы жаңа буржуазиялық қайта құрулар, революциялық дәстүрлер, либералды реформалар мен демократияның жаңа ұстанымдары, халық билігі, сөз, баспасөз, арждан бостандығы, ұлтшылдық және жаңа саяси жүйелердің құрылуы, Америка Құрама Штаттарындағы азамат соғысы, әлеуметтік-экономикалық дамуы мен индустриалды қоғам, ғылым мен мәдениеттің дамуындағы елдердегі жетістіктердің әлемдік дамуға әсері, сонымен XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Еуропа елдерінің сыртқы саясатындағы теке-тірес, «шығыс мәселесі», жаңа дипломатиялық қайшылықтар мен I дүниежүзілік соғыстың алғышарттарының қалыптасуы мен орын алуы енді.

XIX ғасырдың басында Еуропа, негізінен аграрлы елдерден тұрған болатын. Бірақ та, жүзжылдықтың ауқымында өндірістік өркеніет, жүру жолының күрделілігіне қарамастан, жер иелену-шілікті алмастырған еді.

Индустриалдыру жолына бірінші болып аяқ басқан мемлекет Ұлыбритания болды, одан кейін Батыс Еуропаның, ақыр аяғында